ІШКІ ЕҢБЕК ТӘРТІБІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

ПАПКАСЫ

ЕҢБЕК ТӘРТІБІ

ҚЫЗМЕТКЕР ҚҰҚЫҚТАРЫ

МІНДЕТТЕР

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

ЖАУАПКЕРШІЛІК

ТӘРТІП, ЖАУАПКЕРШІЛІК,
ЕҢБЕК — ОРТАҚ МІНДЕТ!



«Бекітемін»
И.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей директоры
_____ Б.Дуйсенбаев
«31» тамыз 2026ж.

№5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ІШКІ ЕҢБЕК ТӘРТІБІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасның Еңбек кодексі және мектеп жарғысына сай құрастырылған.

Ереже мектеп әкімшілігі мен барлық қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібін анықтайды және мектеп қызметіне байланысты түрлі сұрақтарды ретке келтіреді.

Ереже еңбек шарты жасалған барлық қызметкерлерге таныстырылады және таратылады.

Қызметкерлердің міндеттері мен лауазымдық нұсқаулары еңбек келісім шартымен анықталады.

Еңбек тәртібін бұзушыларға тәртіптік жазалар мен қоғамдық шаралар қолданылады.

I. Мұғалімдерге қойылатын жалпы талап

1.1.Мұғалім білуі керек:

- ҚР Конституциясы мен заңнамаларын, ҚР Үкіметі шешімдерін және білім беруді басқару ұйымдарының талаптарын, мектеп жарғысы мен педагогтық қызмет ережелерін;
- Бала құқығы туралы Конвенциясын;
- педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті мен әдептілік нормасы, ғылыми-әдістемелік, психологиялық, балалардың жас ерекшелігі физиологиясы, мектеп гигиенасы туралы жалпы теориялық қағидаттарын;
- өз пәні бойынша білім беру стандарты мен әдістемесін, бағдарламалары мен кітаптарын, сынып жетекшілік қызмет пен тәрбие жұмыстарының жүргізілуін;
-пән кабинетінің заманауи техникалық құралдарының қолдануын , техникалық және өрт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуын;

1.2.Мектептің барлық қызметкерлері орындауға міндетті:

- мектеп жарғысында, ішкі еңбек тәртібі ережесінде және лауазымдық нұсқауларында көрсетілген міндеттерді қатаң түрде орындауға;
- еңбек тәртібін сақтауға, жұмысқа бекітілген уақытында келуге, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтауға, әкімшіліктің бұйрықтарын уақытылы орындауға;
- еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы ережелерін білуге, өндірістік санитарлық нормалар, өрт қауіпсіздігінің алдын алу ережесі мен нұсқаулық талаптарын сақтауға;
- жұмыс орнын, сынып бөлмесін таза және ұқыпты ұстауға, белгіленген материалдық құрал-жабдықтар мен іс-құжаттарды ретпен сақтауға смартфон телефон ұстамауға ;
- оқушыларға мектептің мүлкіне ұқыпты қарауды үйретуге, электр энергиясын үнемді қолдануға;

1.3.Педагогтар мен қызметкерлердің жұмыс уақытының бектілуі мен қолданылуы

- мектепте жұмыс апталығы 5 күндік ретінде белгіленген, жалпы жұмыс уақытының ұзақтығы бекітілген заңнамалық сағаттан аспайды.

- педагогтардың апталық сағат жүктемесі мектеп директоры, мектеп директорның оқу ісі жөніндегі орынбасары мен әдістемелік бірлестік жетекшісінің келісімі бойынша бекітіледі.

- әр мұғалімнің апталық сағат жүктемесінің көлемі оқу жылының басында немесе оқу жылы аяқталған соң, педагог қызметкердің біліктілік санаты мен еңбегінің нәтижелігі,ішкі еңбек тәртібін орындаудағы құқықтық жауапкершілігін ескере отырып жүргізіледі.

- штаттық кестеде енгізілген қызметкерлердің жұмыс уақытының ұзақтығы таңертеңгі сағат 8.00 ден бастап, кешкі 19.00-ға дейін қамтылады.

-мұғалімдер қоңырау соғылысымен сабағына кіріседі және өзге нәрсегеге алаңдауына жол берілмейді.

II.Педагог қызметкерлер міндетті:

2.1. Бектілген сабақ кестесіне сәйкес өз пәнін өткізуге;

2.2.Жаңа оқу жылы мен жұмысқа қабылданған уақыттың алғашқы апта күндері өз пәні бойынша және бектілген сыныбына сәйкес тақырыптық күнтізбелік жоспары мен сыныптың жылдық тәрбие жоспарының мемлекеттік стандартқа сәйкестігі пән бірлестік жетекшісіне тексертуге, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының келісіміне орай мектеп директорының мөрімен бекіттіруге;

2.3.Күнделікті сабақ жоспарын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына тексертіп, қолымен бекіттіруге;

2.4.Сынып жетекшілердің апталық тәрбие сағатының жоспары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына тексертіп, қолымен бекіттіруге;

2.5.Пән бойынша күнделікті сабақ жоспары жыл соңында оқу ісі жөніндегі орынбасарына өткізуге;

2.6.Күнделікті әрбір пәндік және тәрбие сағаты жоспары, тақырыптың стандарттық мазмұны мен талабына сай, сабақтың құрылымы, әдістемесі мен пайдаланатын көрнекілігі анық, сыныптың үлгерім сапасы мен біліктілігі, жас ерекшелігі ескеріліп, айқын және толық мәнде жазуға;

2.7.Әрбір күнделікті жоспарды толық жазуға және негізгі пәндер бойынша жоспарды (қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, математика, геометрия, физика, биология, тарих, химия, география, информатика, құқық негіздері) әрбір қатар келген сыныптардың білім деңгейіне қарай жеке жоспар жасауға;

2.8.Мұғалім өзімен бірге тақырыптық күнтізбелік жоспар мен күнделікті жоспарды алып жүруге;

2.9. Күнтізбелік жоспарға сәйкес оқушылардың білімі мен біліктілігін тексеру мақсатында қорытынды бақылау, жазба, сынама тест жұмыстары мен іс-тәжірибелік жұмыстар өткізуге;

2.10. Тоқсандық бақылау, жазба, сынама тест жұмыстарының мемлекеттік білім беру стандарты талаптарының сәйкестігіне көңіл бөлуге және осы орайда үлгермеуші оқушылармен жеке қосымша жұмыстар жүргізуге;

2.11. Сабақ беретін сынып оқушылары білімінің мемлекеттік білім беру стандарты талаптарының сәйкес еместігі анықталған жағдайда, тікелей жеке құқықтық жауапкершілікке тартуға;

2.12. Еңбекті қорғау ережесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік санитарлық, өртке қарсы ережені және алдын-ала ескертілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтауға;

2.13.Білім беру процесінің қауіпсіздігін сақтауға, сабақ барысында оқыс оқиға орын алған жағдайда оқушыға алғашқы медициналық көмек көрсетуге және осы жағдаймен шұғыл түрде мектеп әкімшілігін хабардар етуге;

2.15. Оқушыларды сабақ барысында қауіпсіздік техникасының талаптарымен таныстыру мақсатында «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының талаптарын ескерту журналы» құжатына тіркеуге;

2.16. Сынып жетекшілер мен педагог қызметкерлер тарапынан оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыруға, кез келген жағдайда олардың қауіпсіздігінің алдын алуға және бастауыш сынып оқушылары ата-аналарының өз балаларын әкеліп, алып кетуін талап етуге ;

2.17.Сынып журналын бекітілген нұсқаулыққа сәйкес толтыруға, оқушыларды бағалауға және сабаққа қатыспауын белгілеуге, сабақ барысында алған бағасын күнделігіне қоюға;

2.18.Оқушыларды жылдық қорытындылау аттестациясы кезінде емтихан комиссиясының құрамында болуға;

2.20.Мектеп жарғысына сәйкес мектепішілік бақылау комиссиясының мүшелерін сабағының берілу жағдайын сараптау және зерделеу мақсатында кіруіне рұқсат етуге;

2.21.Мектеп әкімшілігінің ұйғарымына сәйкес жұмысқа дәлелді себептермен келмеген мұғалімнің орнына сабақ өткізуге;

2.22.Мектеп жарғысы, ішкі еңбек тәртібі ережесі, еңбек келісім-шарт талаптарын, білім беру ұйымының ұйғарымын, кез-келген локальды құжаттар мен бұйрықтарды орындауға;

2.23.Бала құқығы мен еркіндігін қорғайтын әрі реттейтін Қазақстан Республикасы Заңдары мен Халықаралық Бала құқығы Конвенциясының талаптарын орындауға;

2.24.Оқушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдерімен қолайлы қарым-қатынас орнатуға;

2.25.Өзінің кәсіби біліктілік санатын көтеруге және мектепішілік әдістемелік бірлестік жұмыстарына белсене қатысуға;

2.26.Мектепішілік педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңес, әдістемелік кеңес, бірлестік отырыстары, ата-аналар жиналысы жұмыстарына қатысуға;

2.27.Мектеп әкімшілігінің ұйғарымына сәйкес кезекшілікке тұруға:

2.28. Сынып жетекшілерге үзіліс уақытында өз сыныбында болуға және сынып оқушыларының тәртібін қадағалауға, сабақ аяқталған соң олардың қайтуын қадағалауға;

2.29.Уақытылы медициналық тексеруден өтуге;

2.30. Пәндік немесе сыныптық тәрбие жоспарын мектеп директорының оқу-тәрбие ісі орынбасарларына алдын ала бекіттіруге және сынып журналын алуға, сабақ аяқталған соң өткізуге;

2.31. Кабинет жетекшісі талаптарын (кабинетті паспорттау, әдістемелік көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар жинақтау, мектеп директорының бұйрығымен кабинетке техникалық оқу-құралдарын қабылдау немесе жарамсыз заттарды есептен шығаруға, еңбекті қорғау ережесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік санитарлық, өртке қарсы ережені және алдын-ала ескертілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтауға) орындауға;

III.Мұғалімдерге тыйым салынады:

3.1.Өз бетімен бекітілген сабақ кестесін өзгертуге;

3.2. Сабақ уақытын ерте аяқтауға немесе оқушылардың қоңырауға шығуын кешіктіруге;

3.3. Оқушыларды сабаққа қатыстырмауға немесе шығарып жіберуге;

3.4. Оқушыларды немесе пән мұғалімдерін мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз сабақтан өз бетінше босатуға;

3.5.Мектеп ішінде бейәдеп сөздер сөйлеуге, сабақ уақыты барысында ғимарат дәлізінде дауысын көтеріп сөйлеуге, күлуге, аяқ киімінің дыбысын шығарып жүруге, әдепке жат әрекеттер жасауға;

3.6. Мектеп ғимараты ішінде спирттік ішімдіктер ішуге немесе мас күйінде сабаққа келуге;

3.7. Педагог қызметкерлер мен оқушылардың ар-намысын қорлайтын бейәдеп сөздер сөйлеуге, дауыс көтеріп сөйлеуге;

3.8.Оқушыларға немесе педагог қызметкерге қарсы физикалық күш көрсетуге,дене жарақатын салуға, ұруға, балағаттауға;

3.9. Мектеп ішінде немесе сыртында темекі шегуге, спирттік ішімдіктер ішуге;

3.10.Мектеп ғимараты ішінде педагог қызметкерлер мен кіші техникалық қызметкерлердің және бөгде жеке тұлғалардың сауда-саттықпен айналысуға, сатуға,кез келген пайда табу ниетіне негізделген түрлі мәмілемелер мен келісімдер, жарнамалар жасауға;

3.11.Мектеп әкімшілігі құрамының және педагог қызметкерлердің, техникалық қызметкерлердің немесе бөгде жеке тұлғалардың қызметкерлерге сауда саттық жасауға, тауарларын алуды күштеуге, қорқытуға, мәжбүрлеуге;

3.12. Оқушыларды сабақ уақытында жұмсауға, рұқсатсыз алып кетуге;

3.13. Өз мүддесі мен жеке пайдасы негізінде бала білімін дұрыс бағаламауға немесе жөнсіз көтермелеуге;

3.14.Өзінің немесе өзгелердің педагогтық қызметін көтеру, қолдау, қорғау мақсатында сыбайлас жемқорлық әрекеттер жасауға және жол беруге;

3.15. Мектеп ғимаратында персоналды компьютердің қызметін атқара алатын «қоңырау/жауап/смс» функциялары бар мобильді құрылғыларды қоспағанда, интернет модульдермен, фото-бейнекамералармен жабдықталған мобильді құрылғыларды (ұялы телефондар, планшеттер, смарт сағаттар және соған ұқсас басқа да құрылғылар) оқу үдерісіне пайдалануға қажеттілік туындаған жағдайдан басқа уақытта пайдалануға тыйым салынады.

3.16. Сабақ уақытында сынып бөлмесінен шығып немесе сынып бөлмесін кілттеп оқушыларды бақылаусыз, қадағалаусыз қалдыруға,

3.17. Оқушылардан ақша жинауға және кез келген талап негізінде сынып жетекшілерді мәжбүрлеуге;

3.18. Оқушыларды бақылаусыз өз бетінеше түрлі спорттық, шығармашылық сайыстарға, медициналық тексеруден өтуге жіберуге;

3.19.Мектеп әкімшілігі мен педагог қызметкерлер сыртынан дәйексіз арыз-шағымдар жазуға, педагог қызметкерлер арасында түрлі мағынасыз сөздер мен әңгімелер таратуға, олардың жеке тұлғалық, азаматтық ар-намысын қорлауға;

3.20.Өз сабағына уақытынан кешігіп келуге;

3.21.Оқу жылының соңында немесе жаңа оқу жылының басында мұғалімнің апталық сағат жүктемесін бөлуде педагог қызметкердің біліктілік санаты мен еңбегінің нәтижесін ескермей, сыбайластық, таныстық әрекеттерге жол беруге немесе мұғалімнен ақшалай сыйақы талап етуге;

3.22. Сынып ата-аналарының өз ара келісімі мен ұйғарымы болса да, ақшалай немесе заттай сыйлықтар алуға;

3.23.Оқушыларды мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз табиғат аясында демалдыруға, өлке тану саяхаттарына шығуға, қалалық түрлі мәдени, ойын-сауық орындарына апаруға;

IY. Педагог қызметкердің еңбек тәртібі бойынша құқықтық жауапкершіліктері

4.1. Педагог қызметкер өз пәні бойынша мемлекеттік білім беру стандартында көрсетілген барлық талаптарды орындауға міндетті.
4.2.Сабақ барысында немесе сыныптан тыс іс-шараларда оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне, олардың іс-әрекетіне тікелей өзі жауап береді.
4.3. Сабақ уақытында сынып журналында көрсетілген оқушылардың қатыспай отырғаны анықталған жағдайда мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына жедел түрде хабарлауға міндетті.
4.4. Педагог қызметкердің еңбек тәртібін бұзғаны үшін, мектеп директорының бастамасы бойынша еңбек келісім шарты бұзылып, тәртіптік жаза қолданылады.
4.5. Педагог қызметкер еңбегінің жетістіктіктері үшін көтермеленеді, марапатталады.
4.6.Өз пәні бойынша біліктілік арттыру курстарына жіберіледі және кезекті еңбек демалысына шығарылады.
4.7.Оқушыларды тәрбиелеуде физикалық және психикалық зорлық-зомбылық әрекеттер жасағаны үшін педагог қызметкер жұмыстан босатылады.
4.8. Күзгі, қысқы, көктемгі демалыс күндері жұмыс уақыты болып есептеледі. Осы демалыс уақытында жұмысқа келмеген педагог қызметкерлерге де тәртіптік жаза қолданылады.
4.9.Педагог қызметкер өз өтініші негізінде жұмыстан шығарылады немесе уақытша жұмыстан босатылды.
4.10. Мұғалім сырқаттанған жағдайда немесе тағы да басқа жағдайлар орын алған уақытта алдын-ала мектеп әкімшілігіне ескертуге міндетті.
4.11. Мұғалімінің өз пәні бойынша біліктілігінің жетіспеуі, жұмысына денсаулық жағдайының кедергі келтіруі, бір жұмыс күні ішінде дәлелді себепсіз үш сағаттан көп уақыт жұмыста болмауы, мектеп мүлкі мен басқа біреудің жеке мүлкін ұрлау,еңбекті қорғау мен өрт қауіпсіздігі ережелерін қасақана бұзу, адамгершілікке жат әрекеттер жасағаны үшін акт толтырылып, еңбек келісім шарты бұзылады.
4.12. Дене шынықтыру сабағы уақытында оқушылардың шешінетін бөлмесі кілттенеді және оқушылардың қымбат бағалы заттары арнайы сейфке салынып бекітіледі.Сейф ішіндегі ұрланған заттар үшін сабақ өткізген пән мұғалімі жауап береді.

Қорытынды.

Осы Ереже бекітілгеннен кейін барлық қызметкерлер ішкі еңбек тәртібін орындауға міндетті болып табылады.

Барлық қызметкерлер және жаңадан қабылданған қызметкерлер міндетті түрде осы ережемен қолы қойылып таныстырылады.

Осы Ереже мектептің ішкі еңбек тәртібі құжаты болып есептелінеді және іс жүргізу бөлімінде сақталады.